

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 1998 жылғы 20 қазандағы N 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 624. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі N 95 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.02 N 95 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 34-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу Ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетіне тапсырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Әділет вице-министріне жүктелсін.

Ескерту: Бұйрыққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен .

Министр

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрінің
1998 жылдың 20 қазандағы
N 114 Бұйрығымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеудің тәртібі туралы Ереже I. Жалпы ережелер

Ескерту: Ереженің барлық мәтіндері бойынша:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын"

деген сөздермен ауыстырылды;

"Агенттіктің", "Агенттік" деген сөздер тиісті септіктермен "Комитеттің" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен .

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын (бұдан әрі - Сайлау қоры) мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметін регламенттейді:

1) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылдың 28 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;

2) алынып тасталды .

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен .

2. Сайлау қоры Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың сайлау қарсаңындағы үгітін қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатымен құрылады және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 34 және 58-баптарымен көзделген тәртіппен құрылады.

3. Сайлау қоры жеке тұлғаның қоры ретінде осы Ережемен бекітілген тәртіппен тіркеуге жатады. Қорларды мемлекеттік тіркеу оларды құру және олардың қызметін тоқтату фактісін куәландыру мақсатында жүзеге асырылады. Сайлау қорын құруды ресми растайтын факт сайлау қорларының мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу және Комитет беретін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады.

4. Комитет сайлау қорларының арнайы тізілімін жүргізеді, оларға құрылған және таратылған сайлау қорлары туралы (N 1 қосымша) мәліметтер енгізіледі.

5. Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу үшін алым алынбайды, қорларды тіркеуге байланысты Комитеттің шығындары республикалық бюджет қаражаттарынан өтеледі.

II. Сайлау қорын мемлекеттік тіркеудің тәртібі

6. Сайлау қорын мемлекеттік тіркеу кандидат Комитетке жүгінген сәттен бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Құжаттарды қабылдау уақыты кіріс хат-хабарлары журналында көрсетіледі.

7. Сайлау қорын мемлекеттік тіркеу үшін Комитетке мыналар ұсынылады:

1) бекітілген үлгідегі арыз (N 2 қосымша);

2) Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты тіркеу туралы куәліктің көшірмесі. Комитеттің тіркеушісіне ұсынылған куәлік көшірмесінің түпнұсқамен сәйкес келетінін тексеру жөнінде міндет жүктеледі.

8. Комитет ұсынылған құжаттардың негізінде:

3) мемлекеттік тізілімге тіркелетін сайлау қоры туралы деректер енгізеді;

4) тіркеу нөмірі көрсетіліп сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (N 3 қ о с ы м ш а) б е р у г е ;

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына банк мекемелерінде қорлардың арнайы уақытша есепшоттарын ашу үшін сайлау қорларын мемлекеттік тіркеудің өткізілгені туралы хабарлауға міндетті.

Тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Комитеттің арнайы нарядына бауланады.

III. Сайлау қорының қызметін тоқтату тәртібі

9. Сайлау қоры өз қызметін:

1) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 34-бабының 10-тармағына, 50-бабының 3-тармағына, 60-бабының 3-тармағына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешім өзгертілген жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың сайлау қорытындыларын шығаруға байланысты сайлау қоры қаражаттарының жұмсалуды туралы есепті қабылдау жөніндегі шешімі бойынша;

3) Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сайлауды жарамсыз деп таныған жағдайда;

4) соттың шешімі бойынша өз қызметін тоқтатады.

10. Сайлау қорының қызметін тоқтатуды тіркеу Орталық сайлау комиссиясының шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың сайлау қоры қаражаттарының пайдаланылуы туралы ол қабылдаған есептің нәтижелері және пайдаланылмай қалған ақша қаражаттарының бөлінуінің нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Аталған шешім Комитетке жеті күндік мерзімде ұсынылады.

Сайлау қорының қызметін тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тізілімге тиісті жазба енгізеді.

11. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты тіркеуден бас тарту жөніндегі шешімі сот тәртібімен шағым жасалып өзгертілген жағдайда Комитеттің сайлау қорының қызметін тоқтатуды тіркеу туралы іс әрекеті түпкілікті шешім шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

ҮЛГІ

Қазақстан Республикасының
Президенттігіне кандидаттардың
сайлау қорларын мемлекеттік
тіркеу тәртібі туралы Ережеге

№ 1 қосымша

САЙЛАУ ҚОРЛАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

1998 ЖЫЛ

Тізілімнің нөмірі. Жазбаның енгізілген күні	Сайлау қорының қызметін тіркеу, тоқтату туралы жазба	Сайлау қорының атауы	Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты тіркеген сайлау комиссиясының атауы	Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың тұратын жері	Жазбаны енгізген лауазымды адамның Т.А.Ә., қолы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
1 . 1.12.98ж	Сайлау қорын тіркеу	Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Болат Қасымұлы Ахметов-тың сайлау қоры	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы	Индекс, Астана қ., Әл-Фараби шағынауданы, 5 үй, 3 пәтер	С.Ә. Әбілова, 1 санаттағы маман (қолы)	
1 . 18.01.98ж.	Сайлау қорының қызметін тоқтату	Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Болат Қасымұлы Ахметов-тың сайлау қоры	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы	Индекс, Астана қ., Әл-Фараби шағынауданы, 5 үй, 3 пәтер	С.Ә. Әбілова, 1 санаттағы маман (қолы)	

ҮЛГІ

Қазақстан Республикасының
Президенттігіне кандидаттардың
сайлау қорларын мемлекеттік
тіркеу тәртібі туралы Ережеге

№ 2 қосымша

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

АРЫЗ

Ахметов Болат Қасымұлы, 1950 жылы туған

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың тегі, аты, _____

_____ (_____
_____ әкесінің аты, туған жылы)

Тіркеуге ұсынады Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың _____

_____ сайлау қоры

(сайлау қорының атауы)

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Қазақстан _____

_____ (кіммен және қашан)

Республикасының Орталық сайлау комиссиясында тіркелген _____

Кандидаттың тұратын жері: индекс, Астана қ., Әл-Фараби шағын ауданы 5 үй, 3

п. _____

Арыз беруші

_____ (қолы)

_____ (күні)

ҮЛГІ

Қазақстан Республикасының
Президенттігіне кандидаттардың
сайлау қорларын мемлекеттік
тіркеу тәртібі туралы Ережеге

№ 3 қосымша

Ескерту: 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 40 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

Сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы

№ 1

Куәлік

Астана қ. 1 желтоқсан 1998 жыл.

Сайлау қорының атауы: Қазақстан Республикасының Президенттігіне
кандидат Ахметов Болат Қасымұлының сайлау қоры _____

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат кіммен тіркелген: _____

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың тұратын жері: _____

Индекс, Астана қ., Әл-Фараби шағын ауданы 5 үй, 3 пәтер.

Куәліктің қолданылу мерзімі: Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты тіркеу туралы шешім өзгертілгенге не сайлау шаралары аяқталғанға дейін

	Т і р к е у	қ ы з м е т і	к о м и т е т і н і ң
Төрағасы			_____
	(аты, тегі)		

М.О.